



РЕДАКТОРДАН

Төтенше жағдай режиміндегі мектеп

Армысыз, ардақты оқырман!

Ғаламшарымыздағы көптеген мемлекеттерге келген сияқты, күтпеген жерден біздің елге де коронавирус пандемиясы келіп жетті. Егер тарихты есімізге түсіретін болсақ, дәл осындай жағдай 100 жыл бұрын орын алған болатын. Ол кезде бүкіл әлем 50 миллион адамның өмірін қиған «испан» тұмауының қорқынышты шабуылын басынан кешірді. Сондықтан биліктің мұндай қайғылы жағдайдың алдын алу мақсатында қабылдаған төтенше шараларын орынды деп санауға болады. Экономика, әлеуметтік сала біраз уақытқа тоқтап қалды, соның ішінде оқу орындарының өмірі виртуалды арнаға бұрылды. Инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу үшін «қашықтан» деп аталатын жұмыс жасау режиміне көшу бұйырылды.

Ойлап қарайтын болсақ, білім беру саласы жаңа технологияларды жаппай пайдалану дәуірінде мұндай көшуді сәтті жүзеге асыра алар еді. Біздің журналымыздың кезекті номерінде жекелеген ЖОО-лардың, колледждердің, мектептердің өзін-өзі қалай ұйымдастырып, өз қызметін қалай басқа форматқа көшіргені туралы материалдар берілген. Бірақ, бас білім беру ведомствосының айтуына қарағанда, жүйе тұтастай алғанда мұндай жатық өзгеріске дайын болмай шықты, дистанциялық процесі «тұрып қалды».

Сонымен қатар, беріктікке сынау жалғасуда. Мәліметтерге сүйенсек, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастағаннан бері, бүкіл елде экономиканы, әлеуметтік саланы, әсіресе оқу процесін қайта құру жұмыстары жүргізілген. Коронавирус пандемиясы көп жағдайда қалаулы дүниенің бұл жерде шынайы болып табылатындығын көрсетіп отыр.

Кейбір жерлерде технологиялық жаңғыртуды іске асыру үшін қаражаттың жетпейтініне жиі шағымданады. Бірақ жылдан-жылға компьютерлер, гаджеттер, Интернет арзандап келеді. Мемлекет материалдық қолдау көрсетуден аянбайды. Менің ойымша, ең басты кедергі – адамдардың бұл өзгеріске психологиялық тұрғыдан дайын еместігі. Біздің арамызда сөздерімен құптағанымен, іс жүзінде өздері «күмәнді» деп санайтын жаңалықтарды жоққа шығарып, ескі тәсілмен жұмыс істеуге дағдыланған «дәстүршілдер» де өте көп.

Әсіресе, бұл инерция мектеп тәжірибесінде қауіпті, бұл жерде коронавирустың жағдайы, мұндай артта қалушылықтың өліммен барабар екенін көрсетіп отыр.

Тек технологиялық базаны ғана емес, сонымен қатар іске қатысушылардың да санасын өзгерте отырып, проблеманы кешенді түрде шешу қажет. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, өзіміз көріп отырғандай, біздің журналдың бүгінгі шығарылымында кеңінен ұсынылып отырған Павлодар облысының тәжірибесі барлық өңірлерге, тіпті басты үш қалаға да пайдалы болар еді. Осы өңірдің цифрландырудың жоғары мемлекеттік деңгейіндегі және білім беру саласындағы басқа да жетістіктерінің республикада үздік деп танылуы кездейсоқ емес.

Баспасөз, Интернет, пандемиямен байланысты қазіргі жағдайды талдаушылар басымыздан өтіп жатқан сынақтардың барысында біздің өміріміз түбегейлі өзгереді деген болжам жасап отыр. Меніңше, дәл солай болатын сияқты. Әсіресе білім беру өзгереді. Әлемде орын алған жағдай бәрімізді постиндустриялық, технотрондық, ақпараттық дәуірге сәйкес келетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа моделіне жедел көшуге мәжбүрлейді.

Ольга Мелникова